

**Жітіқара ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 26 наурыздағы № 70 "2019 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Қостанай облысы Жітіқара ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 7 қарашадағы № 234 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 12 қарашада № 8745 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 2-тармағына, "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Жітіқара ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жітіқара ауданы әкімдігінің "2019 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" 2019 жылғы 26 наурыздағы № 70 қаулысына (2019 жылғы 8 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8316 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Жітіқара ауданы әкімдігінің білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Жітіқара ауданы әкімдігінің интернет – ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ауданының әкімі*

*А. Ибраев*

Әкімдіктің  
2019 жылғы \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_ қаулысына  
қосымша

Әкімдіктің  
2019 жылғы 26 наурыздағы  
№ 70 қаулысына  
қосымша

**2019 жылға арналған Жітіқара ауданының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері**

| № | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының әкімшілік-аумақтық орналасуы | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының атауы                                                                                                | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы |                                                                                                                  | Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында ата-ананың бір айдағы төлемақы мөлшері (теңге) |
|---|----------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------|
|   |                                                                            |                                                                                                                                                    | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны   | Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың бір айдағы орташа құны (теңге) |                                                                                        |
| 1 | Жітіқара қаласы                                                            | "Жітіқара ауданының Жітіқара қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Қарлығаш" балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | 150                                                                  | 22790                                                                                                            | 3 жастан бастап 10000                                                                  |
| 2 | Жітіқара қаласы                                                            | "Дружба - 97" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі                                                                                                 | 150                                                                  | 22790                                                                                                            | 3 жасқа дейін 8 0 0 0<br>3 жастан бастап 10000                                         |
|   |                                                                            |                                                                                                                                                    | 15                                                                   | 35423                                                                                                            | 3 жасқа дейін 8 0 0 0<br>3 жастан бастап 10000                                         |
| 3 | Жітіқара қаласы                                                            | "Юбилейное" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі                                                                                                   | 195                                                                  | 22790                                                                                                            | 3 жасқа дейін 8 0 0 0<br>3 жастан бастап 10000                                         |
| 4 | Жітіқара қаласы                                                            | "КМ Бөбек" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі                                                                                                    | 95                                                                   | 26678                                                                                                            | 3 жасқа дейін 8 0 0 0<br>3 жастан бастап 10000                                         |
| 5 | Жітіқара қаласы                                                            | "Жітіқара ауданының Жітіқара қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Балапан" балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны  | 190                                                                  | 22790                                                                                                            | 3 жасқа дейін 8 0 0 0<br>3 жастан бастап 10000                                         |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК